ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»

14th April 2017, Astana

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»

PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58
Ғ 96

Ғ 96
«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докоранттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2017

ӘОЖ 930.2

КӨНЕТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТІК ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҚАҒАННЫҢ БИЛІГІ МЕН ҚЫЗМЕТІ

Искандеров Махамбет Саттарұлы
iskanderov_m@list.ru
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ халықаралық қатынастар факультетінің Түркі филологиясы мамандығының 2-ші курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – С.Сыздықов

Көнетүркілік лауазымдар мен терминдерінің тарих сахнасына шығу уақыты мен олардың тарихи дерек көздерінде пайда болуы тек Түркі қағанаты (552-744) тарихында ғана емес, бүткіл түркі халықтары үшін өзекті болып отыр. Қытайдың «Ши цзи» және «Хань шу» жылнамаларында Сюнну (ғұндар, *Hsiung-nu)* мемлекетінің бірігуі нәтижесінде б.з.б II ғасырға жататын бірнеше лауазымдар мен терминдердің пайда болғаны жазылады. Қытай жылнамаларында алғашқы Түрк қағанатындағы жоғарғы билеушілер: қаған, ябғу, шад, тегін секілді лауазым атаулары мен олардың атқаратын қызметтері туралы мағлұматтар берілген. Сондықтан да, Алтай түрктерінің әлеуметтік-қоғамдық құрылымын қарастырғанда, негізінен қытай деректері мен Орхон ескерткіштеріне жүгінуімізге тура келді.

Ерте түрктердің әлеуметтік-қоғамдық құрылымы туралы пікірлер мен тұжырымдар айтылған. Ф.Хирттің болжауынша, көне түрктер 28 лауазымды қытайдан қабылдап, бюрократиялық жүйе құрған [1]. Орхон-Енисей түрктерінің әлеуметтік-экономикалық құрылымын зерттеген А.Н.Бернштам «түрктердің әлеуметтік-қоғамдық құрылымы қарапайым феодалдық үлгіде болған» деп айтқан еді[2]. Ал, түрктердің тарихын түбегейлі зерттеген ғалым Л.Н.Гумилев «түрктердің мемлекеті, әскери демократия сатысында тұрды» дей келе, мұндай қуатты мемлекеттің негізгі күші мен қайраты оның әскері мен басқару жүйесі болды деген қорытындыға келеді[3]. Ал, ғалым Қ.Салғараұлы: «түрктер өз мемлекетін «Ел», ал далалық империяға айналған кезде оны «мәңгі» сөзімен толықтырып, «Мәңгі ел» деп атауды қалыптастырған. Сондықтан жаңаша жыл санаудан кейінгі 552 жылы Орталық Азияда түрктер құрған далалық империяның ресми төл атауы – «Мәңгі ел» екенін есте ұстаған жөн» - дейді[4].

Ел – ерте түрктерде екі мағынада қолданылған. Біріншісі – мемлекет деген ұғымды білдірсе, екіншісі – халық, ел деген ұғымды білдірген. Орхон жазбаларында: «Ел» сөзі «мемлекет» ұғымында қолданылған. Мысалы, Күлтегін мәтінінде «Білікті қағандар еді, алып қағандар еді. Бұйрықтары да білікті еді, алып еді. Бектері де, халқы да түз (адал) еді. Сол үшін елді осынша тұтқан еді. Елін тұтып төрлі (билікті) етті» - деп, қашалуында үлкен мән мен мағына жатыр.

Алайда, Орхон ескерткіштері табылып, зерттелініп келе жатқан уақыттардан бері «Ел» сөзіне түрліше пікірлер мен интерпретациялар жасалынып келді. Мысалы, өткен ғасырларда В.Радлов, В.Томсен, Ф.Хирт, П.Мелиоранский секілді атақты ғалымдар «Ел» сөзіне «тайпа, одақ» деп тар мағынада түсініктеме беріп кеткен еді[5]. А.Н.Бернштам болса, «Ел» сөзін билеуші деген мағынада түсіндірді. Түрк тектес ғалымдар бұл терминді өз мағынасында қолдана білді. Атап айтсақ М.Қашқари, Ж.Баласағұн секілді ортағасырлық ғұламалар өз еңбектерінде «Ел» сөзін мемлекет деп түсіндірді. Белгілі ғалымдар М.Жолдасбеков және Қ.Салғараұлы ерте түрктерде «Ел» ұғымы тар мағынада емес, керісінше ауқымды мағынада қолданылған деп тұжырымдады. М.Жолдасбеков «Ел» дегенімізді – мемлекет, империя деп түсіну керектігін айтты[6].

Ел болу үшін алдымен оның негізгі шарттары болуы керек. Қаған, бек, халық – бұл үшеуі Қағанаттың негізгі байлығы, негізгі тұғырлары. Енді осы Қағанаттың белгілі территориясы, заңдары, тұрақты әскері және қоғамдық жүйесі болуы міндетті.

Ең әуелі Қағанаттың басында билеуші тұлға *Қаған* отырды.

Қаған (хаган, хакан) – көне түрік мемлекеттерінде VI ғасырдан бастап бұрынғы танху (шаниу) лауазымының орнына бүкіл саяси құрылымдағы ең жоғарғы атақ ретінде ғасырлар

бойы қолданылған бұл лауазымның тегі мен пайда болуы жөнінде әр түрлі пікірлер алға тартылды. Көктүрүк қағанатының негізін салған Бумын 552 жылы қаған болып жария етілген соң жалпыға таныс болған бұл лауазым көктүрүк қағанатында қаған мен жабғу аралығында «кіші хан» дәрежесі болған. Мәселен, бірінші Көктүрүк қағанатында Муқан, Та-по, Ышбара және кейінгі Хие-ли, Батыс көктүрүктердің Чу-ла кездерінде екі-екіден кіші қағандар тағайындалған. Бұлар көбіне қағанның ұлдары болатын. Сондай-ақ, екінші Көктүрүк империясының қағаны Қапаған Фу-ку (Інел қаған) деген ұлын «кіші қаған» етіп қояды. Көктүрүк қағанатынан басқа ұйғырларда, қырғыздарда, түргештерде, хазарларда, Еуропа аварларында және бұлғарларда қолданылған. Қағанның төмендегідей құқықтық дәрежесі мен міндеттері болған:

1. Қаған – мемлекеттің тұрақты әрі ұзақ өмір сүруін қамтамасыз ететін орындаушы биліктің бас өкілі;
2. Қаған – ұлттық дәстүрге негізделген мемлекеттің «төре» билігін түзетуге құқылы;
3. Қаған – қағанатты бейбіт және соғыс жағдайында да басқарады;
4. Қаған – заңдарды бекітуге, сондай– ақ құрылтай өткізіп, заңдарды енгізуге құқылы;

Бұлардан бөлек қағанға бірнеше лауазымдық міндеттер жүктеледі:

1. Қаған – қағанаттың тәуелсіздігі мен территориясын сақтауға міндетті;
2. Қаған – халықтың экономикалық әл– ауқатын жоғарылатуға міндетті;
3. Қаған – Түрк Елі мен оның халқының атақ– абыройын асқақтауға міндетті. Осы аталған міндеттер мен құқықтар ерте ортағасырлық түрк қоғамындағы қағандардың басты қағидалар болып саналды.

Ұлы далада ең алғаш қаған атағын б.з. 400 жылдары өмір сүрген жужандардың әміршісі Шелу иемденген. Осыдан бұл сөздің шығу төркіні жужандарға барып тіреледі. Тарихшы С.Сыздықов көптеген ғалымдар пікірін және аталмыш атақтың қолдану аясын саралай келе, бұл терминнің этимологиясын түрк тілінен іздеген жөн деп санайды [7]. Біздің ойымызша, түбірі – «қан», әмірші мағынасын білдіретін түрк тілінің төл сөзі, оған қытайдың «ка» сын есімнің асырмалы шырай мағынасын беретін префиксінің жалғануынан «ұлы хан» дегенді білдіретін туынды сөз болып табылады. Ерте түрктерде қаған– атағын алғаш рет Ұлы Түрк қағанытының алғашқы көсемі Бумын иемденген. Алайда, ол – «қаған» лауазымын жасы ұлғайған шағында иеленген.

Қағанды бектер мен қара будын (халық) сайлайтын болған. Тарихи оқиғалар түрк қоғамында қаған сайлау жүйесінің жоғары деңгейдегі аппараты болғандығын айқындайды. Ол туралы қытай жылнамаларында жақсы айтылған. Түрктер қағандарын таққа сайларда ең жақын бектері оны әуелі ақ киізге отырғызып, сосын күннің бағытымен тоғыз рет айналып өтеді. Әр айналып өткен сайын бектері иіліп, тағзым етеді. Тағзым жасап болған соң, оны атқа мінгізіп, мойнынан жібек матамен орап, қатты тартады, содан соң лезде жіберіп қалып, неше жыл қаған боласың деп сұрайды. Бұдан көретініміз, ежелгі түрктерде ханды ұлықтаудың арнайы рәсімі болған. Түрк қағанатының мұрагерлерінің бірі болып табылатын қазақ халқында да ханды ұлықтаудың осы түрі XVIII ғасырға дейін үзіліссіз жалғасып келді. Қаған тағына тек қаған әулетінен шыққан мұрагерлер отыратын болған.

Түріктер өз императорларынан басқа жат ұлыстардың әміршілерін де қаған деп атаған. Мәселен, табғаш (қытай), түпүт (тибет) қағаны. Бұл лауазымды түріктерден басқа халықтар да алған. Олардың қатарына орыстарды, фин-угорлар мен моңғолдарды да жатқызуға болады. Қаған мен қан (хан) лауазымдары формалық, әрі мағыналық тұрғыдан бір-біріне байланысты ма, жоқ па деген мәселе төңірегінде де көптеген пікірлер айтылды. Күлтегін мен Білге қаған ескерткішінде түркі әміршілеріне тек қаған лауазымы қолданылады. Тоңұқұқ ескерткішінде де солай, тек қырғыз әміршісін ғана «қан» дейді. Онгин және Шине-усу жазбаларында екеуі бір мағынада қатар қолданылады. Қарахан, қыпшақ және қимақтардың көсемдері қан (хан) аталады. Қаған дәрежесі ханға қарағанда жоғары. Мысал үшін, М.Қашғаридің сөздігінде: «Афрасиабтың ұлдарына хан дейді, ал Афрасиабтың өзі қаған», - деп атап көрсетеді. Жүсіп Хас Хажиб «қаған» сөзін мемлекет басшысына, ал ханды тек «тавғач Бұғра хан» немесе «Уч-орду хан» дегендерге арнап қолданады[8].

Сондай-ақ, көне ұйғыр мәтіндерінде ханның әрі әмірші, әрі ханзада ретінде аталатыны және А.Хайан сөздігінде (XIV ғ.) ханның мәлік көрсетілуі жоғарыдағы пікірді растай түсетін секілді. Бұл екі сөздің (хан, қаған) айтылуында, мағыналарында айтарлықтай ерекшелік жоқ деп есептейтін ғалымдар да бар. А.Жафероғлы болса, қаған сөзі «қан-қан» (хан-хан) болып екіге бөлінеді, басқаша айтқанда, «хандар ханы» деген мағына білдіреді, хан атағы тайпа, ру көсемдеріне берілді, олар қағанға бағынды, қаған (қағанат) жоқ кезде әр хан өзімен-өзі болды дейді[9]. Б.Өгел: «Түріктер дүние жүзіне билігін жүргізген императорға қан, яғни хан, ал шағын мемлекет басшыларына қаған деген», - дейді[10]. Әмірші мағынасында қолданылғанда хан, белгілі бір жеке тұлға аталғанда «қаған» сөзі қолданылған деген де пікір бар. А.Габайннің пікірі бойынша, ұйғыр қағаны өзі бағындырған екінші бір әміршінің лауазымын ала алатын. Осылайша әмірші мен оның билігін өзіне бағындырғанын көрсететін. Мәселен, екінші ұйғыр қағаны Мойын-чор жеңілген басмылдардың әміршісінің «іді-құт» лауазымын да алған. Алайда бұл – нақтыланбаған мәселе.

Қаған лауазымының шығу тегін қытай, соғды, жуан-жуан тілдеріне балайтын кездер бар. Және көбіне моңғолдар арқылы енгені сөз болады. Аталмыш ғалымдардың анықтауларына назар аударылса, құрылған мемлекеттік жүйенің басшысын атау үшін «қаған» немесе «хаған» сөзі алғаш рет жуан-жуандық моңғол нәсілдіТу-үү-hун төңірегінде кездеседі. Тарихтағы қаған лауазымымен аталатын алғашқы адам – б.д.д. 400 жылдар шамасында өмір сүрген жуан-жуан (жужан) әміршісі Ше-лун. Қаған лауазымы Көктүрүк қағанатынан бұрын ғұндарда (ақ ғұндарда «хақан»), Қытайдағы түрік табғаш мемлекетінде, басқа бір пікір бойынша, Тай-вуда қолданылған. Ф.Алтхеймнің дәлеліне сүйенсек, Кавказ аймағындағы ғұндарға қатысты болып, III ғасырда кездеседі. (Пайкули ескерткіші, 293 ж.) Ал Е.Г. Пуллейбланк болса, бұл лауазымның «ху-иу» (wax-wa) түрінде азиялық ғұндарда король атағы ретінде б.д.д. I ғасырда аталатынын көрсетеді[11]. Демек, моңғолдарға қарағанда, түріктердің саяси құрылымында көп қолданылған.

Қан (хан) – көне түркі мемлекеттерінде ел басшыларының атағы ретінде ең көп қолданылған. Қан (хан) сөзі түркілік төл деректеріндегі алғаш Орхон бойындағы Тоңұқұқ ескерткішінде кездеседі. Сонымен қатар, көне түркі деректерінде қаған мен хан лауазымдарының көбіне бірінің орнына бірі қолданылатыны да бар. Көктүрүктер, ұйғырлар, хазарлар, аварлар мен түргештер мемлекет басшысына қаған десе, бұлғарлардың елбасылары негізінен хан деп аталады. Қуман-қыпшақ көсемдері мен пешенек қолбасылары да хан атағымен белгілі. Негізгі аты «хакание» деп көрсетілген Қарахан мемлекетінде екеуі де қатар қолданылған. Хан лауазымының түрікшедегі жалпы мағынасы әмірші дегенге келетін «іліг» сөзімен де бірге қолданылатын кездері бар: ұйғырлар мен қарахандарда «іліг-хан», қарақытайларда «күр-хан». Бастапқыда моңғол текті қарақытайларда (936-1122 ж.ж.) болған бұл лауазым кейін Шыңғыс хан негізін салған Ұлы Моңғол империясы кезінде қаған атағымен бірге кең тараған. Сондай-ақ, «қан-тарқан», «қан-тегін» секілді тіркестер де кездеседі. Хан (khan) терминін кейбір зерттеушілер кәріс тіліндегі «кван» (kwan), қытайшадағы «куан» (kuan) сөздерімен байланыстырып, негізі шеттен келген деп дәлелдемек болады. Алайда лауазымның түріктің өздерінен шыққанын көрсететін дәлелдер нақтырақ. Мысал үшін, ұйғыр диалектісіндегі «тәңіріқан» сөзінің соңғы буынының ханнан басқа сөз болуы мүмкін емес. В.Бангтың пікірінше, «йетікан» (жұлдыз атауы) сөзіндегі «кан» да осы [12]. Бірақ П.Пеллиот «Өтікан» сөзінің соңғы буыны да осы сөз деген В.Банг пікірін қолдамайды. «Қан» сөзі батыс ғұндарда да болғанын Атилланың Арықан (Арық қан=таза, пәк патшайым) есімді әйелі болғанынан байқауға болады. Атақты ақ ғұн әміршілерінің бірі Византия деректерінде Күн-хан (V ғасырдың екінші жартысы) деп көрсетіледі. Негізінде «хан» сөзінің ғұндар дәуірінің өзінде «ел» терминімен қатар қолданылғаны мәлім болып отыр. Асылы, түркілік екені белгілі және кей жер атауларында кездесетін (мысалы, Ханбалық, Хазар астанасы) бұл термин түріктер исламды қабылдаған соң да қолданыстан түскен жоқ. Сөздің кең географиялық аймақта әр түрлі мағынада қолданылғаны мәлім.

Жоғарыда келтірілген тұжырымдарды саралай келе, көне түркілердің төл лауазымы қаған не хан болды деген нақты дәлелдер мен жауаптар берілмеген. Дегенімен, түркілік

лауазымдардың қалыптасуы мен шығуына байланысты дереккөздерге талдау жасай келе, ең алғашқы пайда болған форма «қаған» титулын ерекше атап өткіміз келеді. Еуроцентристік көзқарасты ұстанған ғалымдар бұл лауазымның түркі халықтарына шеттен келген деген пікірлерді алға тартуда. Бірақ та ескерткіштегі жазулар мен басқа да келтірілген дәлелдер бойынша бұл лауазымның түркі халықтарының төл лауазымы екенін аңғартады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Бартольд В.В. Двенадцать лекций по историй турецких племен Средней Азии. // - Сочинения. – Москва, 1968. Т.4.
2. Бернштам А. Социально – экономический строй Орхоно-Енисеиских тюрок VI – VIII веков. – М.; Ленинград: И АН СССР, 1946. – 212 с.
3. Гумилев Л.Н. Көне түрктер. – Алматы: Білім, 1994. – 480 б.
4. Салғараұлы Қ. Түрктер. – Астана: Күлтегін, 2007. – 308 б.
5. Мелиоранский М.П. Об Орхонских и Енисейских надгробных памятниках с надписями. – Петербург, 1898
6. Жолдасбеков М., Сартқожаұлы Қ. Орхон ескерткіштерінің толық Атласы. – Астана: Күлтегін, 2005 – 360 б.
7. Сыздықов С.М. Қарлық – Қарахан мемлекеті: саяси тарихы және мәдени мұралары. – Астана: Фолиант, 2014. – 320 б.
8. Альбаум Л.И. Живопись Афрасиаба. – Ташкент: ФАН Узбекской ССР, 1975. – 112 с.
9. Giraud R. Göktürk İmperatorluğu İlteriş, Kapkan ve Bilge Hükümdarlıkları. – İstanbul: Ötüken, 1999.
10. Mori M. Küzey Asya'daki Eski Bozkır Devletlerinin Taşkilatı // Tarih Enstitüsü Dergisi. 1978. - №14.
11. Pulleyblank, 1966 — Pulleyblank E.G. Chinese and Indo-Europeans. — Journal of the Royal Asiatic Society. 1966, № 1-2.
12. Культура и традиции коренных народов Северного Алтая / отв. ред. А.В.Малинов. – Санкт-Петербург: Изд. Дом С.-Петерб. гос. ун-та, 2008. – 400с.

ӘОЖ 81'367.625.431

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛДЕРІНДЕГІ ЕСІМШЕНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Камалашқызы Хамария
kamalashkyzy2014@mail.ru
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті, Астана қаласы, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі –Маемерова А.

Есімшелер – есімдер мен етістіктің қасиетін бірдей иеленген тілдік құрал. Олар есімдерше септеледі, тәуелденеді және көптеледі. Сондай-ақ сын есімдердің орнына да қызмет атқарып, сөйлемде анықтауыш болады. Осы ерекшелігін ескеріп, А.Байтұрсынұлы бұл тілдік бірлікті есімше (есім сияқты) деп атаған.

Олар тіл жүйесінде есімдерше де және өзінің шыққан негізі етістіктерше де жұмсала алады. *Есімшелер* шақ, етіс тұлғаларының болымды-болымсыз түрлерінде жұмсала алады, сонымен қатар етістіктердің жанама септікті сөздерді меңгергіш қасиеті мен предикаттық қызметте жұмсалғыш қалпын да сақтаған. Яғни есімшелер де предикаттық қызметте жұмсалып, шақ мағынасын жасауға қатысады және олар да көсемшелер сияқты пысықтауыштық қызмет атқара алады.

Көне түркілік кезең мен орта ғасырлық дәуірде қазіргі тілдік зерттеулермен салыстырып қарағанда, есімше мәнінде қолданылған есімше формалары едәуір көп болған.

Есімше тұлғаларының Орхон Енисей жазбаларында кездесетіндігін көп зерттеушілер байқаған. Мысалға, есімшенің өткен шақ тұлғалары -мыш, -міш, -дұқ, -дүк ескерткіште